

**«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
және «Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі» РМҚК
арасындағы ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

« _____ » _____ 2025 жыл

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Дүкенбаев Нұрлан Мұсағалиұлы атынан, бір жағынан және, бір тараптан және «Қазақстан Республикасы ұлттық орталық музейі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Кітапхана) атынан Жарғы негізінде әрекет етуші директор м.а. Саров Сержан Бараханұлы атынан әрекет етуші екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып және Тараптардың ғылыми зерттеу және мәдени байланыстарды тереңдету, мақсатында ынтымақтастық тараптарының өзара мүдделілігін негізге ала отырып, осы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойып, төмендегілер туралы келісті.

1. Мақсаты

Осы Меморандум мақсаты – тараптар арасындағы ғылыми-зерттеу, білім беру, экспедициялық, көрмелер, тарихи-мәдени, рухани бағыттағы ынтымақтастықты орнату және дамыту.

2. Ынтымақтастық бағыттары

Тараптар келесі бағыттар бойынша өзара әріптестік орнатуға келісті:

2.1. Ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру жобаларын бірлесіп әзірлеу және іске асыру;

2.2. Музей ісі, тарих, этнография, археологиялық бірлескен ғылыми зерттеулер мен жобаларды жүзеге жүргізу;

2.3. Музей қорындағы құнды жәдігерлерді зерттеу бойынша бірлескен ғылыми гранттық жобаларға қатысу;

2.4. Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарлар мен симпозиумдарға, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, көрмелер өткізу және қатысу;

2.5. Архивтік және қолжазбалық материалдармен өзара алмасу;

2.6. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындау бойынша кеңес беруді жүзеге асыру;

2.7. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдамаларды ұйымдастыру шеңберінде ғалымдар мен мамандармен алмасу;

2.8. Ғылыми ақпаратпен, құжаттамамен, қолжазбалар, әдебиет және библиографиялық басылымдармен алмасу, сондай-ақ жекелеген мәліметтер көшірмелерін жасауға мүмкіндік беру;

2.9. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамаларында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың өзге де нысандарын пайдалану.

3. Меморандумның сипаты

3.1. Осы Меморандум – тараптардың ынтымақтастыққа ниетті екендігін білдіретін, заңды міндеттемелер жүктемейтін құжат болып табылады.

3.2. Ынтымақтастық шеңберінде нақты жобалар қосымша келісімдер мен шарттар арқылы жүзеге асырылады.

4. Меморандумның қолданылу мерзімі

4.1. Меморандумға қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл мерзімге жасалады.

4.2. Тараптардың келісімі бойынша мерзімі ұзартылуы мүмкін.

4.3. Тараптардың біреуі өзара жазбаша ескерту жасаған жағдайда, Меморандум күшін жояды.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Меморандум қазақ тілінде үш данада жасалды.

5.2. Барлық мәтіндер бірдей заңдық күшке ие.

Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы,
Түркістан қаласы,
Әмір Темір көшесі, 53 А
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық
тарихи-мәдени музей-қорығы»
РМҚК директор м.а.

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы, Самал-1,44
«Қазақстан Республикасы
Ұлттық орталық музейі»
РМҚК директоры м.а.

Н.М. Дүкенбаев



С.Б.Саров

